

Білім

Азаматтық тәртіпке бағытталған дамыған елдердің барлығы дерлік білім саласында кең көлемде реформалар жүргізіп жатыр. Мұндай реформалар біздің елімізде де жасалуы тиіс. Бұл дегеніміз, әрине, «2020» Стратегиясы мен 5-ші генерациялы реформаның сәтті жүзеге асуымен ғана.

Қазақстан Республикасының әлемден бәсекеге қабілетті елдердің қатарына кіруге талаптары кең ауқымды ірі күрделі бағыттарды қамтиды. Соның бірі – үштілді білімді енгізу, яғни үш тілде білім беруді дамытудың 2015–2020 жылдарға арналған жол картасын іске асыру екендігі айқын.

ҮШ ТІЛДІ МЕНДЕРГЕН ПЕДАГОГ ДАЯРЛАУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Тарата айтсақ, Қазақстанның дамыған елдердің отыздығына кіру жөніндегі жоспарында айшықты орын алып тұрған «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 79-шы қадамы «Қазақстанда үш тілде білім беруді енгізу – бұл уақыт талабы» деп белгіленген. Соның ішінде ағылшын тілінде оқытуды жалпы білім беретін орта мектептердің жоғары сынып оқушылары мен ЖОО студенттері үшін кезең-кезеңімен жүзеге асыру жоспарлануда. Мұндағы басты мақсат – үш тілді жетік білетін, арнайы пәндерді игерген маман даярлау.

Бұл дегеніміз – білім берудің барлық деңгейіндегі оқу бағдарламаларының мазмұны жағынан жаңаруы. Соның аясында бірыңғай білім беру аясында үш тілде білім берудің бірізділігі қамтамасыз етілуде. Оны тиімді енгізу мақсатында педагог кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың жүйесі жетілдірілуде.

Қазақстанда үш тілде білім берудің тиімділігіне ғылыми-зерттеулер жүргізілуде. Осыған сәйкес «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын дәріптеуге бағытталған жұмыстарды орындау міндеттері алға қойылуда.

Бүгінде Еуропа кеңесінің (1992 ж.) Декларациясына сәйкес 12 жылдық білім беру жүйесіне дүниежүзінің 140-қа жуық мемлекеті енгендігі белгілі. Ал, Қазақстанның 12 жылдық білім кеңістігіне енді ғана еніп жатқандығын ескерсек, жаңа тұрпатты заман талабына сай педагог даярлау жөнінде атқарылар шаруалар жетерлік.

Еліміздегі білім беруді реформалаудың 2015–2020 жылдарға арналған стратегиялық бағыттарын жүзеге асыру бойынша берілген диагностикалық есептегі мәліметтерге көз тоқтатайық. Онда 2025 жылға қарай республика халқының 95%-ы қазақ тілінде сөйлейтіндігі, сонымен қатар, қазақ тілі «өмірдің барлық салаларында жетекші орында» болатыны күтілуде. Елімізде үштілділік саясаты мемлекеттік бағдарламалар мен республикалық заңдар шеңберінде белсенді түрде жүзеге асырылуда. Мұндай тіпке қатысты Заң актілері мен бағдарламалық құжаттардың қатарына «Қазақстан – 2050» Стратегиясы, Тілдер туралы заң, тілдерді дамыту мен жүзеге асырудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламалары енеді. Сондай-ақ, мектепке дейінгі, орта, техникалық, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік білім стандарттарымен қатар білім беруді шет тілдерде дамыту тұжырымдамасы кіреді.

Республикамыздың мектепке дейінгі 200 мекемесінде үш тілді білім беру сынақтан өткізілуде. ҚР Үкіметі құрған «Дарын» орталығы 2007 жылдан бері үштілді білім беруді сыннан өткізіп жатыр. Мұнда 22 мамандандырылған мектептің жұмысын үйлестіріп отыр. Осылайша, 2020 жылы сыннан өткен 33 мектептің тәжірибесіне сүйене отырып, үштілді білім беру еліміздегі басқа да білім ұяларына енгізілмек. Осыған сәйкес кадрларды даярлауға және мұғалімдер мен педагогтардың біліктілігін арттыруға үлкен назар аударылуда. Мұғалімдерді жаңаша оқытуға дайындау жұмысына 2020 жылға дейін барлық мектеп толық көшуі тиіс.

Осында ҚР БҒМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, халықаралық ынтымақтастық департаменті білім мазмұны және әдіснама басқармасының сарапшысы Бану Мұқатайқызы Нарбекованың мәлімдемесін келтіре кетсек. Мәлімдеме бойынша бүгінгі таңда педагогикалық мамандық даярлау барысында 38 ЖОО-да ағылшын тілінде оқуға арнайы тапсырыс жасалған. 10 мыңнан аса студент көптілді білім беру саясаты бойынша шетелдік 42 ЖОО-да білім алып келді.

Мектептерде ағылшын тілінде сабақ өту біртіндеп кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. 2017 жылға бекітілген бағдарлама бойынша жоғары сынып оқушылары алдымен химия, физика, биология және информатика пәндерінен терминологияны оқып-үйренуді бастайды. Ал, келесі жылы сыныптан тыс жұмыстарды ағылшын тілінде өту қолға алынатын болады. Сонда 2020 жылы осы 4 пән толығымен ағылшын тілінде оқытылатын жағдайға жетеді.

білімдерін жоғарылату курстарынан өтіп, біліктіліктерін арттырып отырады. Ол үшін университетте бар жағдай жасалған. Айталық, «Тілдерді дамыту орталығының» мамандары дәріс, практикалық сабақтарға қатысып, толыққанды талдау жасайды. Тиімді ұсыныстар берумен қатар тілдік курстарды оқытады.

Оқытушылар өздерін кәсіби тұрғыда жетілдіру жұмыстарын үзбей жүргізуде. Университет қабырғасында шетелдік ғалымдардың қатысуымен ағылшын тілінде семинар, тренинг, конференциялар ұйымдастырылып келеді. Мысалы, 2012–2015 жылдар аралығында жаратылыстану-педагогикалық факультетінің ағылшын тілінде дәріс беретін бірқатар оқытушылары Ұлыбританияның Нью-Касл университетінде «Enhancing learning and teaching in higher education» бағдарламасы бойынша біліктілікті жетілдіру курсынан өтіп келді. Атап айтсақ, ол курсқа қатысқандар Г.Сәрсенова, Р.Бекмолдаева, Л.Жолшыева, Ж.Әлібекова, Б.Темірбеков университет қабырғасында 2016 жылдың наурыз айында Ұлыбритания елшілігімен бірлесе дайындалған арнайы семинар өткізді.

Ағылшын тобында оқитын студенттер жоғары білім көрсеткіштерімен қатар қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысады. Шығармашылық тұрғысынан елеулі жұмыстар атқаруда. Мысалы, 2-3-курс студенттері ғылыми-зерттеу жұмыстарын белсенді түрде жүргізуде. Студенттік конкурстар мен ғылыми-практикалық конференцияларға үзбей қатысып, жүлделі орындарды иеленуде. Студенттер өз қалауына қарай ғылыми баяндамаларын кейде орыс, кейде қазақ, кейде ағылшын тілінде дайындайды. Әрине, нәтижесі де баршылық. Айталық, 5B010900 – Математика мамандығының 3-курс студенттері Б.Әлайдаров, А.Раулхан, С.Серікова және І.Ерімбет студенттік ғылыми-практикалық конференцияларда жүлделі орындарды иеленді.

Факультет оқытушылары мен студенттері әртүрлі білім беру бағдарламаларына қатысуда. Атап айтсақ, «Информатиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы А.Әубәкірова 2011–2014 жылдар аралығында «Erasmus Mundus» бағдарламасы бойынша Испанияда докторантурада оқыды. 5B011100 – Информатика мамандығында оқитын студент Д.Еспенбетова 2011–2012 оқу жылында «Erasmus Mundus» бағдарламасы бойынша грант ұтып алып, Латвияда оқыды. Қазіргі кезде «Болашақ» бағдарламасымен АҚШ-та магистратурада білімін шыңдауда. 5B011100 – Информатика мамандығының студенті Бахыт Боранбаев 2012 жылғы қыркүйектен 2013 жылғы наурызға дейін, ал ЕП-13-5А тобының студенті Малика Қаратаева 2015 жылғы қыркүйектен 2016 жылғы ақпанға дейін «Академиялық ұтқырлық» бағдарламасымен Германияда білім алды.

Ағылшын тобында оқып бітірген бакалаврлар көбіне Назарбаев Зияткерлік мектептерінде, мамандандырылған үш тілде білім беретін мектеп-интернаттарда, колледждерде жұмыс істеуде, кейбіреуі магистратурада білімдерін жалғастыруда.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің жаратылыстану-педагогикалық факультеті педагогикалық кадрларды даярлаудан алдыңғы қатарлы факультет болып саналады. Факультет құрамында 5 кафедра («Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі», «Физиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі», «Информатиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі», «Химияны оқытудың теориясы мен әдістемесі», «Кәсіпке баулу оқытудың теориясы мен әдістемесі») бар. Онда бакалавр бойынша 7 мамандыққа, магистратура бойынша 7 мамандыққа, PhD докторантура бойынша 3 мамандыққа оқытып, жоғары білікті мамандар даярлайды.

Уақыт талабына сай мұнда 5B011100 – Информатика, 5B010900 – Математика, 5B011000 – Физика, 5B011200 – Химия мамандықтары бойынша ағылшын тілінде оқитын топтар ашылған.

Бакалавриат	Магистратура	PhD докторантура
5B010900	6M010900	6M010900

на 2020 жылға дейін барлық мектеп толық көші тиіс.

Осында ҚР БҒМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, халықаралық ынтымақтастық департаменті білім мазмұны және өдіснама басқармасының сарапшысы Бану Мұқатайқызы Нарбекованың мөлімдемесін келтіре кетсек. Мөлімдеме бойынша бүгінгі таңда педагогикалық мамандық даярлау барысында 38 ЖОО-да ағылшын тілінде оқуға арнайы тапсырыс жасалған. 10 мыңнан аса студент көптілді білім беру саясаты бойынша шетелдік 42 ЖОО-да білім алып келді.

Мектептерде ағылшын тілінде сабақ өту біртіндеп кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. 2017 жылға бекітілген бағдарлама бойынша жоғары сынып оқушылары алдымен химия, физика, биология және информатика пәндерінен терминологияны оқып-үйренуді бастайды. Ал, келесі жылы сыныптан тыс жұмыстарды ағылшын тілінде өту қолға алынатын болады. Сонда 2020 жылы осы 4 пән толығымен ағылшын тілінде оқытылатын жағдайға жетеді.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің жаратылыстану-педагогикалық факультетінде педагог кадрларды ағылшын тілінде оқыту үдерісі 2009 жылдан бастап қолға алынды. Алғашқы жылы 050602 - Информатика мамандығы бойынша оқытын 2-курс студенттері бұл бастаманы ерекше ықыласпен қолдады. Соған соң ағылшын тілінде оқытын жаңа топ ашылды. Содан бері ағылшын тілінде оқытылатын мамандықтардың саны артып келеді. Қазіргі кезде 5В011100 - Информатика, 5В010900 - Математика, 5В011000 - Физика, 5В011200 - Химия мамандықтарының студенттері ағылшын тілінде білім алууда.

Жаңа оқу жылының басында ұйымдастырылған арнайы тестілеудің нәтижесі негізінде ағылшын тілінде оқытылатын студенттер іріктелді. Ал, оқытушы-профессор құрамынан ағылшын тілін Intermediate және одан жоғары деңгейде меңгерген, шетелдік ЖОО-да білім жетілдіру курстарынан өтіп, сертификаттар алған жоғары білікті мамандар арнайы пәндерді ағылшын тілінде өтеді.

Жылдан-жылға студенттермен қатар оқытушы-профессор құрамы да ағылшын тіліне қатысты

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің жаратылыстану-педагогикалық факультеті педагогикалық кадрларды даярлаудан алдыңғы қатарлы факультет болып саналады. Факультет құрамында 5 кафедра («Математиканы оқытудың теориясы мен өдістемесі», «Физиканы оқытудың теориясы мен өдістемесі», «Информатиканы оқытудың теориясы мен өдістемесі», «Химияны оқытудың теориясы мен өдістемесі», «Кәсіпке баулуды оқытудың теориясы мен өдістемесі») бар. Онда бакалавр бойынша 7 мамандыққа, магистратура бойынша 7 мамандыққа, PhD докторантура бойынша 3 мамандыққа оқытып, жоғары білікті мамандар даярлайды.

Уақыт талабына сай мұнда 5В011100 - Информатика, 5В010900 - Математика, 5В011000 - Физика, 5В011200 - Химия мамандықтары бойынша ағылшын тілінде оқытын топтар ашылған.

Бакалавриат	Магистратура	PhD докторантура
1 5В010900- Математика	1 6М010900- Математика	1 6М010900- Математика
2 5В011000-Физика	2 6М011000-Физика	
3 5В011100- Информатика	3 5В011100- Информатика	2 5В011100- Информатика
4 5В011200-Химия	4 6М011200-Химия	
5 5В012000- Кәсіпке баулу	5 6М012000- Кәсіпке баулу	3 6М012000- Кәсіпке баулу
6 5В060300- Информатика	6 6М060300- Информатика	
7 5В060400-Физика	7 6М060400-Физика	

Құрметті мектеп бітіруші түлек!

Егер Сіз нағыз маман, жаңа сипаттағы педагог боламын десеңіз, онда заман талабына сай білім беретін, бәсекеге қабілетті ЖОО болып табылатын М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің жаратылыстану-педагогикалық факультетіне оқуға келіңіз!

Н.ӘШІРБАЕВ,

«Математиканы оқытудың теориясы мен өдістемесі» кафедрасының меңгерушісі.

Р.БЕКМОЛДАЕВА,

педагогика ғылымының кандидаты, доцент.